

ӘОЖ 81’33

ҒТАХР 16.31.02

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.015>

«ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ ЛИНГВОКОГНИТОЛОГИЯСЫ

*Қушанова А.Н.¹, Қушқимбаева А.С.²

*^{1,2}Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімі теориясының маңыздылығы – когнитивтік тіл білімінде ой, сөйлеу және таным өзара қосылған когнитивті-лингвистикалық жүйе болып нақты көрінуі. «Қилы заман» шығармасы эпикалық сабырлы баяндау әдісіне, психологиялық күйлерінің терең деңгейіне, кейіпкерлердің мінез-құлықтарының берілуінде, ел өмірінің барлық жағдайының күйіне дейін жомарт қаламға ғана тән дархандықпен жеткізілуін ескерсек роман атануға әбден болатын шығарма. «Қилы заман» туындысында автор халқымыздың ұлт-азаттық соғысының көркем бейнелерін дүниеге әкелген. Мақаланың негізгі мақсаты «Қилы заман» шығармасындағы кейіпкерлердің бейнесі арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ жеріндегі билік түсінігінің аксиологиялық құндылығын, тілдік санадағы бейнесін анықтау. Зерттеу мақаланың негізгі бағыттары мен идеялары былай көрінеді: «Қилы заман» шығармасындағы кейіпкерлердің сипаттамасын келтіре отырып, репрезентациялық аймағын, лексемалық қатарын, контекстуалдық антонимдер қатарын анықтау; шығарма негізінде «билік» концептісінің ассоциациялық өрісін айқындау; «билік» концептісінің кейіпкерлер образын сомдаудағы қызметін қарастыру.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы «Қилы заман» шығармасы негізінде «билік» концептісі кейіпкерлердің ассоциациялық өрісімен анықталған. Практикалық маңыздылығы «билік» концептісінің репрезентациялық аймағы, оның лексемалық қабаты, контекстуалдық антонимдер қатары кейіпкерлердің бейнесі негізінде қарастырылды. Зерттеу әдіснамасы дефинициялық, ассоциативті-интерпретациялық, тарихи-этимологиялық, лексика-семантикалық талдау әдістері арқылы жүргізілген. Осылайша зерттеу жұмысының нәтижелері мен талдауы ұлттық концептосферадағы «билік» концептісінің әлеуметтік, мәдени маңызын айқындайды. Сонымен бірге автордың «билік» концептісін беруде түр-түс атауларын қолдануы ХХ ғасыр басындағы «билік» түсінігіне қатысты негативті бағалауды көрсетеді.

Зерттеу қорытындысы мақаладағы негізгі анықталған ұғымдар «билік» концептісінің репрезентациялық аймағы, лексемалық қатары, контекстуалдық антонимдер қатары қазақ қоғамындағы билік ұғымының әлеуметтік, мәдени сипаттарын аша түседі.

«Билік» концептісін қарастырған мақаланың негізгі құндылығы М. Әуезов шығармашылығын танымдық тұрғыдан қарастырып, ұлттық концептосферадағы маңызын айқындаудан көрінеді. Жұмыс қорытындысының практикалық маңызы «Қилы заман» шығармасындағы кейіпкерлердің лингвокогнитологиясын анықтау арқылы қазақ ұлттық концептосферасындағы «билік» концептісінің әлеуметтік, мәдени сипаттары ашылады.

Тірек сөздер: концепт, репрезентациялық аймақ, аксиологиялық аспект, ассоциациялық өріс, мәдени константа, лексемалық қабат, ұлттық концептосфера, билік концептісі

Кіріспе

Әдеби шығарманы зерттеудің негізгі аспектілерінің ішінде танымдық бағыт маңызды орын алады. Когнитивті парадигма аясында әдеби мәтін жазушының шындық туралы білімін білдіретін, оның шығармасында әлемнің жеке авторлық бейнесі, оның концептосферасы түрінде бейнеленген күрделі белгі ретінде түсініледі. Тұжырымдаманы білдіретін лексика-семантикалық өрістерді зерттеуде қолданылатын когнитивті талдау көркем мәтінді талдауға да қатысты, өйткені семантикалық кеңістіктің компоненттерін, сондай-ақ берілген мәтін үшін маңызды когнитивті құрылымдарды жалпылау мәтін зерттеушісіне тұжырымдамаланған мәтіндік аймақтарды сипаттауға және олар үшін негізгі ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Көркем шығарманы қарым-қатынастың күрделі түрі ретінде қарастыра отырып, когнитивті талдау автор мен оқырманның когнитивті жүйелерінің өзара әрекеттесуінің мүмкін аспектілерін және сипатын анықтайды.

Қазақ әдебиетінде «Қилы заман» шығармасы сол дәуірдің шынайы бейнесін кейіпкерлер жүйесі арқылы бере білуімен құнды. Шығарманың лингвокогнитологиясын анықтауда кейіпкерлер жүйесі талданып, «билік» концептісі анықталды. «Билік» концептісінің ассоциациялық өрісі ретінде кейіпкерлердің бейнесі қарастырылды. Қазақ қоғамындағы аумақтық-әкімшіліктік өзгерістер шенеунік, билік өкілдері жайлы негативті бағалаудың қалыптасуына әсер етті. Ұлттық концептосферада «билік» концептісі «әсер ету», «күш», «зорлық», «бедел», «жоғары билік иелерінің беделі» деп әлеуметтік, мәдени сипаттары анықталады. Қоғамдық атрибут ретінде шексіз билік, үлкен билік деп сипатталуымен әлеуметтік ортада қалыптасқан билік жайлы түсініктерді кеңейтеді. Билік концептісінің аксиологиялық құрамы мынадай нейротикалық мағыналармен анықталады: «бағындыру», «билік ету», «басқару», «қылмыс», «екі жүзділік», «алдау», «билікке сенбеу», «болыстық қызмет», «ояз», «ұлық». Менталды түрде мәдени константа ретінде қалыптасқан билік концептісінің идеалды мағынасы пристав пен болыс ұғымдарын дефинициялық талдаудан көрінеді. Қазақ жеріндегі билік түсінігінің трансформацияға ұшырауы тарихи оқиғалармен анықталып, билік концептісінің негативті бағалануы қарастырылды.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

«Билік» концептісінің тарихи-этимологиялық, лексика-семантикалық сипаттарын анықтау. Тілдік репрезентациядағы «билік» концептісінің аксиологиялық аспектісін, негізгі концептуалдық бағытын айқындау. «Билік» концептісінің когнитивті-дискурстық парадигма аясында талдау жасалды. Зерттеуде дефинициялық талдау, тарихи-этимологиялық талдау, «Қилы заман» шығармасындағы кейіпкерлердің ассоциациялық өрісі ассоциациялық-интерпретативтік талдау негізінде анықталды.

Зерттеу мақаланың материалы ретінде М. Әуезовтің «Қилы заман» шығармасы алынды. Қаламгер 1916 жылы Жетісу өңірінде орын алған көтерілістің себептерін, ондағы кейіпкерлердің болмысын жете танып, оқиғаның шығу себептерін жақсы біледі. Кейіпкерлердің шығармадағы образы арқылы қазақ қоғамындағы «билік» концептісінің ассоциациялық өрісі анықталды.

Талқылау

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы элита өкілдері ретінде халық арасына беделге ие билер, дін өкілдері, ақсақалдар, байлар. Патшалық Ресейдің 1822 жылғы Сібір қазақтары жайлы жарлығында алғаш рет «болыс» атауы қолданылған. Солай XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жаңа типті басқарудың үлгісі қалыптасты. Болыс міндетінің енгізілуін зерттеуші Г. Сұлтанғалиева Ресей империясының қоғамдық ортақ басқару үлгісінде қалыптасқанын айтады [1, 38 б.]. Осылайша қазақ жерінде әкімшілік-аймақтық басқарудың моделі өзгеріске ұшырайды. Қазақ жерінде «болыс» билігінің қалыптасуы ұлттық дүниетанымдағы «билік» түсінігінің өзгеруіне алып келді.

Билік концептісі дүниенің тілдік бейнесінде әлем қалыптастырушы концепт ретінде даму тарихы бар. Адам санасында абстрактілі қалыптасатын билік концептісі адамдардың мінезіне, әрекетіне әсер ете алу деп анықталады. Нақты денотант мағынасы арнайы әкімшілік, басқарушылық өкілеттілік берілген тұлға екенін айқындай түседі. Осы реттен «билік» концептісін түсінудің қиындығы көрінеді. «Билік» концептісінің құндылықтық құрамы мынадай пейоративті мағыналардан көрінеді: «бағындыру», «билік ету», «басқару», «қылмыс», «екі жүзділік», «алдау», «билікке сенбеу», «болыстық қызмет», «ояз», «ұлық». Әлеуметтік-мәдени концепт ретінде «билік» жағымсыз аксиологиялық статуска ие, концептінің анықталуы да негативті бағалаумен тікелей байланысты. Прагматикалық векторы трагедия, ирония, сатирамен байланысады.

Мәдени константа ретінде «билік» концептісі ментальды түрде қалыптасқан. «Билік» концептісінің идеалды мағынасы кейіпкерлердің бейнесін дефинициялық талдаудан көрінеді.

«Пристав» сөзі сөздікте кішігірім әкімшілік ауданның полиция бастығы мағынасын білдіреді [2, 156 б.]. «Болыс» дегеніміз – Патшалық

Ресейдің қазақ жеріне енгізген аумақтық-әкімшілік бөлігі, бір болыс елдің әкімі, басқарушысы [3, 131 б.]. Лексика-семантикалық жағынан пристав және болыс патшалықтың билігін әрі қарай жүргізу үшін арнайы қызметке бекіткен қызметкерлері екенін ұғынамыз. В.Карасик мәдени концептінің акцентуациясы құндылықтық мағынасымен байланысты екенін, концептінің мәдениетті зерттеудегі қызметі жоғары екенін, мәдениеттің негізінде құндылық принципі жатқанын айтады [4, 76]. Осылайша «билік» концептісінің қалыптасу тарихында ХІХ-ХХ ғасырдың маңыздылығын көреміз. Бұл кезеңде «пристав», «болыс» атаулары қалыптасып, қазақ жеріндегі билік түсінігіне трансформация жасаған болатын. Жалпы «билік» концептісінің қалыптасуында әлеуметтік, мәдени аспектілер арқылы: «*әсер ету*», «*күш*», «*зорлық*», «*бедел*», «*жоғары билік иелерінің беделі*» көрінеді. Осы негізден «билік» концептісінің қазақ ұлттық концептосферасындағы мәдени, әлеуметтік маңыздылығын «пристав» пен «болыс» концептілері арқылы анықтай түсеміз.

«Билік» концепті қазақ дүниетанымында «*хан*», «*би*», «*дау-дамайдың әділ шешілуі*», «*ақсақал*», «*сұлтан*» ұғымдарымен хандық дәуір сипатталады. Кейіннен қалыптасқан «*пристав*», «*болыс*», «*ұлық*», «*ояз*», «*тілмаш*», «*урядник*», «*тергеуші*» деген отаршылдық кезеңде қалыптасқан атаулар – Патшалық Ресейдің қазақ қоғамына, әкімшілік-аумақтық басқару билігіне араласуының көрінісі. «Билік» концептісінің тарихи оқиғалар негізінде ассоциациялануының нәтижесінде қалыптасқан «пристав» пен «болыс» концептілері қазақ қоғамындағы отаршылдық саясаттың қандай деңгейде жүргізілген жеткізеді. Осылайша М. Әуезовтің «Қилы заман» шығармасын зерттеудің маңыздылығы көрінеді.

Нәтижелер

«Билік» концептісін көркем шығармадағы образ арқылы талдау екі түрлі түсінікті білдіреді. Біріншісі, биліктің қоғамдық атрибут ретінде анықталуы. Екіншісі, адамдар арасындағы қоғамдық қатынас деген сипатта көрінеді. Қоғамдық атрибут ретінде билік физикалық объект негізінде айқындалады. Өйткені биліктің сапалық қасиеттері: шексіз билік, үлкен билік т.б., белгілі бір әрекеттердің жүзеге асуы: басып алу, беру, жіберу, итжеккенге айдау, түрмеге қамау т.б.

«Билік» концептісін қазақ және түрік лингвомәдениеттануында салыстыра қарастырған Б. Зеяда, Ж. Қыбырбай зерттеулерінде мынадай пікір білдіреді: «Орыс патшалығының отарлау саясаты қазақ жеріне келгеннен соң, биліктегі адамдарға бұрыс әсерін тигізіп, оларды малға, яғни ақшаға құмар болуды үйреткен еді» [5, 30 б.]. Осылайша қазақ қоғамындағы басқарушылық жүйенің өзгеруіне тарихи оқиғалардың әсері мол болғанын көреміз.

Қаламгер «Қилы заман» туындысында пристав болмысы «семіз қарынды», «атқан оғы жемқор» деп суреттейді [6, 15 б.]. Түсінікті әрі

образды бейнелеу арқылы пристав Подпороковтың болмысы арқылы жалпы сол кезеңдегі приставтың образы сомдалған. Нақты денотант мағынаға сәйкес келіп, «пристав» концептісінің әлеуметтік-мәдени мағынасын күшейте түседі. Осы ретте қаламгер билік өкілдерін сипаттай келе, қара халықтың мұңын ұлығының түрі мынау дегендей, «Ел сұрағы ұлығы» деп жеткізеді [6, 17 б.]. Ұлық сөзі «билік» концептісінің ассоциациялық өрісінде «пристав», «болыс» концептілерімен қатар анықталады. Ұлық дегеніміз сөздікте үш мағынада анықталады: *қазақ қоғамындағы ел билеуші әлеуметтік топтың өкілі; билеуші, әкім; өктем, үстем тап өкілі, езуші, қанаушы* делінеді [7, 98 б.]. Осылайша «билік» концептісінің репрезентациялық лексемасы *езуші, қанаушы, үстем тап өкілі* сынды лексемалармен молая түседі.

«Болыс» концептісі «билік» концептісінің ассоциациялық өрісі ретінде анықталып, биліктің күшеюі мәнін білдіреді. ХХ ғасыр басындағы биліктің бағытталуын көрсетеді. «Әрбір болыс өз елінің ішінде жеке дара шыққан жалғыз қошқар сияқтанып, өркештеніп жүрсе де, мынандай қалың топтың ішіне келіп, көп болыстан басқа әлденеше шенді, әмірлі ұлықтардың түрін, жүрісін көрген соң, өзінен-өзі жасығандай бұғыңқы, бүрсіңкі еді» [6, 23 б.]. Болыс өкілетті қызмет болғандықтан, «билік» концептісінің анықталуында семантикалық мағынасы кеңейіп, әмірлі, шенді сипаты ашыла түседі. Сонымен қатар шығармада пристав пен болыс образы былайша аталады: «Ақжелке пристав», «Рақымбайке болыс».

«Билік» концептісінің лексемалық қабатында мынадай атаулар қолданылады: *урядник, тергеуші, тілмаш*. Биліктің қолшоқпары ретінде тілмаш образы шығармада көрініс тапқан. Тілмаш бейнесі былайша көрінеді: «Бұйрықтың сөзі көп емес. Дәлелсіз, ыңғайсыз, топас жазылған көп бұйрықтың біреуі еді. Бұны әдет бойынша Жебірбаев аудару керек еді. Бірақ ол орысша тілге олақтау, жазба сөзіне әсіресе шорқақ, жем жағын жақсы қарастырса да, білім, сана жағын жадағай тастаған, әдіс, құлқын арамдығын ғана жақсы білген тілмаш» [6, 26 б.]. Бұл арқылы қулық жағынан ұлықты да, болысты да жолда қалдыратын тілмаш образы бейнеленеді. Автор тілмаштың басты кемшілігі білім мен сананың жоқтығы деп көрсетеді. Расымен, ойлағаны байлыққа қалай қулықпен жету, халық жағдайының патша жарлығынан соң қалай болатынын ойламайтын тілмаш үшін білім мен сана ауыр жүк, ондай жүкті тілмаш көтере алмайды. Халқы майданның қара жұмысына лайықты санағаны үшін көтеріліп, не солдат ретінде, не мүлде бармайды деген ұстанымын жете түсінбеген еді. Биліктің жүзеге асуында урядник мансабының рөлі жоғары. Биліктің күшею тенденциясы қазақ жерінен майданның қара жұмысына жігіт алу процесін тездетумен, «Албан» көтерілісін басумен көрінеді.

Шығармада шенділермен билік өкілдері «қара бөріктілер» деп аталған. Қара бөріктілердің болмысы ақ тістері ақсқан, ауызы көпіршектенген,

қанталаған көздері деп суреттеледі [6, 75 б.]. Билік өкілдері атауларын образды бейнелеу арқылы қаламгер билік субъектілерін бағалайды. Түстердің ішінде қара түсін алу негізінде билік өкілдерін негативті бағалайды.

«Билік» концептісінің репрезентациялық аймағы шығарма негізінде мынадай синонимдік қатармен анықталады: *болыс, старшын, би, елу басы, қара бөріктілер, ұлық, ояз, урядник, тілмаш*. Дегенмен «билік» концептісінің құрамын қарастыру барысында «пристав» пен «болыс» ассоциациялық өрісі автордың аталған концептілерді түсінуімен анықтала түседі. Мәселен, «қара бөріктілер» - қаламгердің қазақ қоғамындағы билік өкілдерінің қызметі, әрекеті арқылы бағалауының көрінісі.

Шығармада ХХ ғасырдағы патша жарлығы бойынша қалыптасқан екінші бір ой берілген. Ол – қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына жіберіп, қару ұстауды, қолдануды үйренеді деген сенім. Болыспен қатар, қара халықтың әрекеті де назарсыз қалмаған. Туындыда болыс Оспанның болмысы, Ұзақ, Жәмеңке сияқты тарихи тұлғалар бейнесі бейнеленген [6, 89 б.]. Осылайша автор мансап иесі болып отырған болыстардың әрекетсіз отырғанын ашына суреттейді.

Шығармада арамдығы сұмдық бейнеленген билік өкілінің бірі – Жирен ояз. Туындыда: «Бұның айтқан сөзі Ұзақтың осыдан он, он бес жыл бұрын істеген ісі еді. «Болыс», «пристав» концептілерінің аксиологиялық негізі адресаттың санасына, интеллектіне әсер етуі «билік» концептісінің репрезентациялық аймағындағы синонимдермен байланысты. Мәселен, зерттеуші М. Кипенко билік жайлы қалыптасқан концептуалды түсініктердің билікті қоғамдық бағалаудың әсеріне, қауіпті, өктемдік сипаттарымен анықталатынын айтады [8, 18 б.]. Мәселен, шенеуніктік мәселесін қарастырған зерттеуші М. Абдрахим патшалық өкімет пен оның жүйесіне деген наразылық ақындардың шығармаларында негативті бейнеленуінен көрінетінін айтады [9, 302 б.]. Шығармада болыс ретінде бейнеленетін Әубәкір образының дамуы да көрсетілген. Болыспын деп өктемдігін жүргізуден бөлек, халқына шын жаны ашыған Әубәкір ұлық тарапынан қысымға ұшырайды. Шенді кісінің бұлайша әрекет етуі «бұзықтық» саналады. Бұл арқылы болыстың негативті тұсынан гөрі позитивті сипаты көрінеді. Қарапайым халықтың қатарына қосылған Әубәкір үшін оңай қадам болмағаны анық. Ұлықтың, ояздың қысымы шешіміне күдік тудырса да, халық жағында болуды көздеген Әубәкір – әділ биліктің көрінісі.

Шығармада «билік» концептісінің репрезентациялық аймағын кеңейте түсетін ұғымның бірі – ұлық. Ұлық туындыда «сары» деп берілген [6, 138 б.]. Автордың оязды жирен, ақжелке, ұлықты сары, шенділерді қара деп атауының сыры бар. Бұл ретте қаламгер түр-түс атауларын кейіпкерлерінің мінезін, әрекетін көрсетуде ұтымды қолданған. Жирен түр-түс атауы жылқы малымен байланысты. Жирен түсті жылқыны

халқымыз ұната бермеген [10], осылай қаламгер ояздың сүйкімсіздігін, сыйы жоқтығын астарлы жеткізеді. Зерттеуші С. Айтқазы «сары» түсінің мағынасы байлықтың символы екенін, жақсы мінез-құлықтың, әдемі қылықтың, шыдамдылықтың белгісі деп анықтайды. Одан бөлек сары түсінің семантикалық мағынасы қатарында: жас мөлшері, уайым, қайғы, аурудың ұзаққа созылуы, көп қақталған, сүрленген, байлық, ақыл-парасат белгісі, мейірімсіздік, қатыгездік, табиғат құбылыстары, епті, тісқаққан, әккі мағыналары айқындалады [11, 56 б.]. Қара түсі халық танымында терең мәнге ие. Мәселен, қара шаңырақ, қара қазан, қара халық, қара тобыр, қара көже, қара ет, қара нан, қара су сынды ұлттық болмысты бейнелейтін ұғымдар көптеп кездеседі. Қаламгердің қара бөріктілер деп қолданылуы билік өкілдерінің халыққа қамқор, жанашыр болуы қажеттігін көрсетіп, тура мағынасы ауыспалы мағынаға ауысқанын көреміз. Қара бөріктілер ерекше құрметке, алдау, арбаумен қол жеткізген билік иесі ретінде анықталады. Осылайша сары ұлықтың байлығымен қатар, тісқаққан әккі, мейірімсіздігі, тәкаппарлығы көрінеді. Осы негізден қаламгердің билік өкілдерінің сипатын, болмысын, образын танытуда түр-түс атауларын бейнелі қолданған.

Мақалада «билік» концептісін кейіпкерлер әлемі арқылы айқындау нәтижесінде ассоциациялық өрісі анықталды. Сурет 2 «Қилы заман» шығармасындағы кейіпкерлердің лингвокогнитологиясы берілген.

Шығарма символды аяқталған, анығырақ елі үшін, жері үшін күрескен тұлғалар емес, керісінше тілмаш, ұлықтардың артында еріп жүретін Жебірбаев сияқты жандар тірі қалғанын айтады. Шығарма басында шексіз биліктің көрінісі ретінде танылған ұлық та, ояз да, тілмашта бұралқы итке айналғанын көреміз.


Шығарма негізінде «билік пен халық» ащы ирония, сарказм, негативті бағалау арқылы көрініс тапқан. «Халықтың билікке қарсылығы», «патшалық Ресейдің жарлығына сенімсіздік», «өкілетті билік иелеріне деген сенімсіздік», «пара беру» сынды әрекеттер шығармада айқын бейнеленген. Бұл арқылы халық пен билік қақтығысы көрініп, туынды контекстінде «билік» концептісі контекстуалды антонимдер қатары көрінеді: «халық - билік», «әлсіз - шенді», «қара бөріктілер – қара халық», «бай - кедей», «жоқшылық - баршылық», «қарсылық – өкім». Сонымен қатар көтеріліс ұғымы мағына жағынан мықты позицияға ие. Билік концептісінің контекстінде жағымсыз сипатта анықталатын



Сурет 1 – «Билік» концептісінің кейіпкерлер лингвокогнитологиясы бойынша ассоциациялық өрісі

көтеріліс ұғымы тарихи оқиғаның прагматикасын жеткізеді. Қазақ халқының тілдік санасында билік концептісінің құрылымы шенеунік образымен тікелей байланысты. Ал көтерісшілер, оны ұйымдастырушылар жағымсыз сипатта көрінеді.

«Қилы заман» шығармасын талдау нәтижесінде «билік» концептісінің құрылымын ассоциациялық өріс, лексемалық қабат, репрезентациялық аймақ, контекстуалды антоним ұғымдары арқылы анықтадық. Осы орайда талдау нәтижесін Сурет 2 ұсынамыз.



Сурет 2 – «Билік» концептісінің құрылымы

Қорытынды

«Қилы заман» шығармасы арқылы кейіпкерлердің репрезентациялық аймағы, оның лексемалық қатары, контекстуалды антонимдер қатары, ұлттық концептосферадағы орны анықталды. М.Әуезов шығармашылығын

«билік» концептісінің лингвокогнитологиясы аясында зерттеу нәтижесінде ХХ ғасыр басындағы қоғамдық қатынастар, тарихи оқиғалардың әлеуметтік-мәдени аспектісі айқындалды. «Қилы заман» шығармасында билік өкілдерінің болмыс-бітімі болыс, старшын, пристав, ұлық атауларынан бөлек, *жирен, ақ, сары, қара* түстермен сомдалған. «Билік» концептісін талдай келе тілмаш, пристав, ояз, ұлық, болыс ұғымдары – қоғамдық атрибут ретінде, қара бөріктілер, жирен ояз, сары ұлық атауларының бәрі – қоғамдық қатынастың нәтижесінде қалыптасқанын көреміз.

Қорытындылайтын болсақ, «Қилы заман» шығармасындағы кейіпкерлердің лингвокогнитологиясы «билік» концептісінің ассоциациялық өрісі арқылы анықталып, қазақ қоғамында ХХ ғасыр басындағы билік өкілдерінің образы айқындалады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Институт волостных в системе управления Казахской степью (XIX – начало XX вв.): монография в документах / отв. редактор Г.С. Султангалиева, сост.: Г.С. Султангалиева, Т.Т. Далаева, Б.У. Маликов, У. Тулешова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 396 с.

[2] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

[3] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

[4] Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж, 2001. – С.75-80.

[5] Зейда Б., Қыбырбай Ж. Қазақ және түрік лингвомәдениетіндегі «билік» концептісі. «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. – 2020. – №3. – Б. 27-37.

[6] Әуезов М. Қилы заман. Повесть/ М. Әуезов. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2016. – 264 б.

[7] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.

[8] Кипенко М. Аксиологический аспект концепта «Власть» в современном русском языковом сознании: автореферат диссертации на соискании ученой степени к.ф.н. – Тольятти, 2012. – 25 с.

[9] Абдрахим М. Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі қазақ шенеуніктерінің образы // ҚазҰУ Хабаршысы: Тарих сериясы. – 2018. – Том 91. – №4. – Б. 298-303.

[10] Байтелиева Ж. Жылқы малының түр-түсіне байланысты уәжділік. <https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/206/Туган%20тил.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

[11] Айтқазы С. «Сары» түстің қазақ дүниетанымындағы ұлттық-мәдени табиғаты мен тілдік бейнесі // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2011. – №1(54). – Б.55-57.

REFERENCES

[1] Institut volostnyh v sisteme upravleniya Kazahskoj step'yu (XIX – nachalo НКН vv.) [Institute of volosts in the management system of the Kazakh steppe (XIX - beginning of XX centuries)] [Text]: monografiya v dokumentah / otv. redaktor G.S. Sultangalieva, sost.: G.S. Sultangalieva, T.T. Dalaeva, B.U. Malikov, U. Tuleshova. – Almaty: «Kazak universiteti», 2018. – 396 p. [in Kaz.]

[2] Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyk. 13-tom / Kurast. A. Fazylzhanova, N. Ongarbaeva, Қ. Gabithanuly zhane t.b. – Almaty, 2011. – 752 b. [in Kaz]

[3] Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyk. 3-tom. / Kurast.: B. Suierkulova, T.Zh. Zhanuzak, O. Zhubayeva zhane t.b. – Almaty, 2011. - 744 b. [in Kaz]

[4] Karasik V.I., Slyshkin G.G. Lingvokulturnyj koncept kak edinica issledovaniya [The linguistic and cultural concept as a unit of research] // Metodologicheskie problemy kognitivnoj lingvistiki. – Voronezh, 2001. – S.75-80. [in Rus]

[5] Zeyada B., Kybyrbaj Zh. Kazak zhane turik lingvomadenietindegi «bilik» konceptisi [The concept of “power” in Kazakh and Turkish linguistic culture] // «Abylay han atyndagy KazHK zhane ATU Habarshysy. – 2020. – №3. – B.27-37. [in Kaz]

[6] Auezov M. Kyily zaman [It's a tough time]. Povest/ M. Әуезов. – Almaty: «An Arys» baspasy, 2016. – 264 b. [in Kaz.]

[7] Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyk. 14-tom. / Kurast.: M.Malmakov, K.Esenova, B.Hinayat zhane t.b. – Almaty, 2011. – 800 b. [in Kaz.]

[8] Kipenko M. Aksiologicheskij aspekt koncepta «Vlast» v sovremennom russkom yazykovom soznanii [Axiological aspect of the concept “Power” in modern Russian language consciousness]: avtoreferat dissertacii na soiskanii uchenoj stepeni k.f.n. – Tol'yatti, 2012. – 25 s. [in Rus.]

[9] Abdrahim M. Kazak halyk auyz adebietindegi kazak sheneunikterinin obrazy [Image of Kazakh officials in Kazakh folk literature] // ҚазҰУ Хабаршысы: Тарих сериасы. – 2018. – Том 91. – №4. – Б. 298-303. [in Kaz.]

[10] Bajtelieva ZH. Zhylky malynyn tur-tusine bailanysty uazhdilik [Motivation depending on the type and color of the horse]. <https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/206/Tugan%20til.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

[11] Aitkazy S. «Sary» tustin kazak dunietynyndagy ulttyk-madeni tabigaty men tildik beinesi [The national-cultural nature and linguistic image of the color “yellow” in the Kazakh worldview] // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2011. – №1(54). – Б.55-57. [in Kaz.]

ЛИНГВОКОГНИТОЛОГИЯ ПЕРСОНАЖЕЙ В ПОВЕСТИ «ҚИЛЫ ЗАМАН»

*Кушанова А.Н.¹, Кушкимбаева А.С.²

*^{1,2} Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
Актобе, Казахстан

Аннотация. Важность современной теории языкознания заключается в том, что в когнитивном языкознании мысль, речь и познание четко выражаются как когнитивно-лингвистическая система. Произведение «Қилы заман» вполне можно назвать романом, учитывая его эпическую манеру повествования, глубокий уровень психологических состояний, характер персонажей, до состояния всех условий жизни народа. В произведении «Қилы заман» автор породил художественные образы национально-освободительной войны нашего народа. Основная цель статьи - определить аксиологическую ценность, образ в языковом сознании понятия власти на казахской земле начала XX века через образы персонажей в произведении «Қилы заман». Основные направления и идеи исследовательской статьи: определение репрезентативной зоны, лексемного ряда, ряда контекстуальных антонимов с приведением описания образов в произведении «Қилы заман»; определение ассоциативного поля концепта «власть» на основе произведения; рассмотрение функции концепта «власть» в образе персонажей.

Научная значимость статьи определяется концептом «власть», ассоциативным полем персонажей на основе произведения «Қилы заман». Практическая значимость рассматривается на основе образов персонажей, репрезентативной зоны концепта «власть», его лексемного слоя, ряда контекстуальных антонимов. Методология исследования проводилась с помощью методов дефиниционного, ассоциативно-интерпретационного, историко-этимологического, лексико-семантического анализа. Таким образом, результаты и анализ исследовательской работы определяют социальную и культурную значимость концепта «власть» в национальной концептосфере. В то же время использование автором цветообозначений для передачи концепта «власть» отражает негативную оценку понятия «власть» в начале XX века. Заключение исследования раскрывает основные понятия выявленные в статье, репрезентативную зону, лексемный ряд, контекстуальный ряд антонимов концепта «власть», социальные, культурные характеристики понятия «власть» в казахском обществе.

Основная ценность статьи, в которой рассматривается концепт «власть», проявляется в когнитивном рассмотрении творчества М. Ауэзова и определении важного значения в национальной концептосфере. Практическая значимость результатов работы заключается в том, что на основе произведения «Қилы заман» выявляются социальные, культурные особенности концепта «власть» в казахской национальной концептосфере путем определения лингвокогнитологии персонажей.

Ключевые слова: концепт, репрезентативная зона, аксиологический аспект, ассоциативное поле, культурная константа, лексемный слой, национальная концептосфера, концепт «власть»

LINGUOCOGNITOLOGY OF CHARACTERS IN THE STORY “KILY ZAMAN”

*Kuchshanova A.N.¹, Kushkimbayeva A.S.²

*^{1,2} Aktobe K.Zhubanov Regional University, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. Importance of linguistics modern theory lies in fact that in cognitive linguistics, thought, speech, cognition are clearly expressed as cognitive-linguistic system connected to each other. The work “Kily zaman” can well be called novel, given its epic calm narration manner, psychological states’ deep level, personages’ character, generous pen characteristic, to people’s living conditions states. In “Kily zaman”, author created national liberation war literary images. Main purpose of article is to determine axiological value, image in “power” concept’s linguistic consciousness in Kazakh land during early XX century through images of characters in “Kily zaman”. Main directions and ideas of research article are representative zone definition, lexematic series, contextual antonyms’ number with characters images’ description in “Kily zaman”; associative field definition of “power” concept based on work; consideration of “power” concept activity in characters’ image.

Scientific significance is determined by “power” concept, characters’ associative field based on “Kily zaman”. Practical significance was considered based on characters’ images, representative zone “power” concept, lexemic layer, contextual antonyms. Research methodology was identified using definitional, associative-interpretative, historical-etymological, lexical-semantic analysis methods. Thus, the results and analysis of research work reveal social and cultural significance of “power” concept in national conceptual sphere. At the same time, author’s use of color designations to convey “power” concept reflects negative assessment of “power” notion at the beginning of the 20th century. Main concepts identified in article are representative zone, lexeme series; contextual series of “power” concept’s antonyms reveal social, “power” concept’s cultural features in Kazakh society.

Main value of article, which considered “power” concept, is manifested in cognitive consideration of M. Auezov’s work and meaning in national conceptual sphere. Practical significance of research results lies in fact that based on “Kily zaman”, social, cultural features of “power” concept in Kazakh national conceptual sphere are revealed by defining linguocognitology of characters.

Keywords: concept, representative zone, axiological aspect, associative field, cultural constant, lexeme layer, national conceptual sphere, concept “power”

Мақала түсті: 26 қараша 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Кушанова Айнур Нурасловна – хат-хабар үшін автор, PhD докторанты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан. e-mail: ainur.kuchshanova@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1730-2032.

Кушкимбаева Айнур Серікбайқызы – PhD докторы, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан. e-mail: alitok@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5546-4513.

Информация об авторах:

Кушанова Айнур Нурасловна – автор для корреспонденции, PhD докторант, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан. e-mail: ainur.kuchshanova@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1730-2032.

Кушкимбаева Айнур Серікбайқызы – доктор PhD, доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актөбе, Казахстан. E-mail: alitok@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5546-4513.

Information about the authors:

Kuchshanova Ainur Nuraslovna – corresponding author, PhD student, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. e-mail: ainur.kuchshanova@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1730-2032.

Kushkimbayeva Ainur Serikbaikyzy – PhD, Associate Professor, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan. e-mail: alitok@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5546-4513.